

Әкімдіктің 2009 жылғы 14 қаңтардағы № 29 "2009 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 15 сәуірдегі № 129 қаулысы. Қостанай облысы Арқалық қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 7 мамырда № 9-3-108 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-бабының 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының негізінде Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2009 жылғы 14 қаңтардағы № 29 "2009 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9-3-100 нөмірімен тіркелген, "Арқалық хабары" қалалық апталық газетінде 2009 жылдың 30 қаңтардағы 4 (233) - нөмірінде жарияланған) қаулысының қосымшасына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

7-тармақ:

мынадай мазмұнда 2) тармақшамен толықтырылсын:

"2) Футбол алаңындағы газон шөбін егу мен тыңайтқыш беру, топырағын тырмалауға дайындауға қатысу" "адам саны" 4, "күндер" 42, "адам/күндер" 168;

"Жиыны" деген жолдағы "4", "52", "208" деген цифрлар "8", "47", "376" деген цифрлармен ауыстырылсын;

қосымшаға сәйкес 9-тармақпен толықтырылсын;

"Барлығы" деген жолдағы "500", "46,2", "23105" деген цифрлар "534", "44,9", "23958" деген цифрлармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.Ш. Шаяхметовқа жүктелсін.

Арқалық қаласының әкімі

Т. Төлеубаев

КЕЛІСІЛДІ

Шаруашылық басқару құқығындағы

"Қазақавтожол" республикалық

мемлекеттік кәсіпорынының Қостанай

облыстық филиалының директоры

С. Қарабеков

Қостанай облысы Арқалық қаласы
 әкімдігінің 2009 жылғы
 15 сәуірдегі 2009 жылғы № 129
 қаулысына қосымша

рет номері	Кәсіпорындар атауы	Жарғының тіркелген	Жұмыс түрлері	Жұмыс көлемі	Адам саны	Күн-дер	Адам/күн
9.	Шаруашылық басқару құқығындағы "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының	2005 жылғы 25 қаңтар № 9081-1901-МК	1) Республикалық дәрежедегі Арқалық-Жезқазған-Петропавл автомобиль жолының 340-377 шақырымдарындағы, 340-294 шақырымдарындағы асфальт-бетон жамылғыларындағы шұқырларды жөндеуге қатысу.	250 шаршы метр	5	90	450
			2) 340, 361 және 371 шақырымдардағы автопавильондарды ақтап, сырлауға қатысу.	3 павильон	5	15	75
			3) 252-377 шақырымдардағы белгі бағаналары, шақырымдық көрсеткіштер, пано, жол белгілерін орнатуға қатысу.	35 дана	5	10	50
			4) 252-377 шақырымдарда белгі бағаналары және 45 жол				

Костанай облыстық филиалы	белгілері, 12 дана пано, 125 д а н а шақырымд ы қ көрсеткіште рді ақтап, сырлауға қатысу.		5	15	75
	5) Арқалық-Ж езқазған-Пе тропавл автомобиль жолының 252-377 шақырымда рындағы белгі бағаналары ның, пано, ж о л белгілері бермдерінің шөптерін қолмен шабуға қатысу.	1 7 0 0 шаршы метр	5	5	25
	6) 368 және 3 7 2 шақырымда рдағы көпір м е н қиықсызық тарды сырлау.	460 шаршы метр	5	2	10
	Жиыны	х	30	22.8	685